

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 149 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 632 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.08.2023 № 632 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.03.2021 № 119 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 1-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.03.2021 № 119 қаулысымен.**

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы 18 наурыздағы  
№ 149 қаулысымен  
бекітілген

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесі**

**Ескерту. Тізбенің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 03.03.2021 № 119 қаулысымен.**

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 03.12.2019 № 901 қаулысымен.

1. Шетелдік қаржы құралдары, оның ішінде шетелдік қаржы нарықтарында айналыстағы құралдар:

- 1) мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздар;
- 2) мемлекеттік және агенттік бағалы қағаздарға инвестициялау шеңберіндегі муниципалдық бағалы қағаздар;
- 3) халықаралық қаржы ұйымдарының (ХҚҰ) бағалы қағаздары;
- 4) корпоративтік бағалы қағаздар;
- 5) корпоративтік бағалы қағаздарға инвестициялау шеңберінде айырбасталатын бағалы қағаздар;
- 6) жылжымайтын мүлік (MBS) және активтер (ABS) кепілдікке қойылған бағалы қағаздар;
- 7) акциялар, акцияларға депозитарлық қолхаттар;
- 8) РЕПО және кері РЕПО операциялары;
- 9) шетел валютасындағы және алтындағы депозиттер (салымдар);
- 10) туынды қаржы құралдары;
- 11) құрылымдық өнімдер;
- 12) валюталар;
- 13) ақша нарығы қорлары;
- 14) құймадағы және металл шоттардағы алтын;
- 15) исламдық қаржыландыру құралдары.

2. Қазақстанның қаржы құралдары:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;
- 2) РЕПО және кері РЕПО операциялары;
- 3) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 3-бабы 1-тармағының 31) тармақшасында айқындалған борыштық бағалы қағаздары;
- 4) Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің реттелген облигацияларын қоспағанда, борыштық бағалы қағаздары;
- 5) теңгемен, шетел валютасымен және алтынмен депозиттер (салымдар);
- 6) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен және (немесе) кепілгерлігімен шығарылған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар;
- 7) туынды қаржы құралдары;
- 8) құйма және металл шоттардағы алтын;
- 9) исламдық қаржыландыру құралдары;
- 10) квазимемлекеттік сектордың және екінші деңгейдегі банктердің бағалы қағаздарын қоспағанда, мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар;
- 11) акциялар, акцияларға депозитарлық қолхаттар;
- 12) жылжымайтын мүлік (MBS) және активтер (ABS) кепілдікке қойылған бағалы қағаздар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК